

**Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігі
Комерциялық емес акцерлік қоғам «Ұлттық аграрлық ғылыми –білім беру
орталығы »**

**ЖШС «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу
институты »**



Ермаханов М.Н.

Лекцияның тақырыбы «Түйе шаруашылықтарындағы генетикалық қорлардың ерекшеліктері»



Шымкент, 2022 ж.

ЖОСПАР

Кіріспе

- 1.Түйе шаруашылығында генетикалық қорларының ерекшеліктерімен таныстыру;
- 2.Генетикалық қорлардағы өнімділігіне қарай түйелерді будандастырудың ерекшеліктері мен тәртібі;
3. Генетикалық қордағы түйе малын асылдандырудың шарттары.

Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстанда өсірілетін түйелердің генетикалық қоры жақсы сақталған. Атап айтар болсақ, 3 тип, 2 популяция, 2 тұқым, бірнеше зауыттық желілер өсірілуде. Республикамыздың Оңтүстік-Батыс облыстарында түйе өнімін жергілікті халық ет,жүн,сүт өнімдері дәстүрлі технологиямен тұтынуда. Түйе жүнінің түбітінен тоқылған шәлі, свитер дайындалса, сүтінен құрт, балқаймақ, шұбат дайындалуда. Түйе жүнінен дайындалған күпі, шалбар малшы үшін таптырмас киім.

Ата-бабаларымыз ертеде түйе сүтімен өркешін емдік ретінде түрлі ауруларға пайдаланған. Қолына шуданы тұзбен тартып таңса сол жердің ісігінің тез арада тарайтынын халық емінен білеміз.

Ұзын талшықты түйе жүнінен тоқылған маталар көбінесе жамылғы көрпе жасауға пайдаланылады.

Шудадан өндірістік жағдайда май ұстағыш салфеткалар және бұрғылау машиналарының ремендері дайындалады. Түйе жүнінен жасалған маталар мен бұйымдар өте мықты, созылғыш келеді. Ал ғарышкерлердің киімдерінің, бір тіні түйе жүнінен жасалатыны көбімізге әлі беймәлім. Айта берсек, түйе жүнінің өндірісте пайдаланылмайтын жері кемде-кем.

Ғылыми еңбектерден деректерден байқағанымыздай, қос өркешті түйелер жүнінде жалғыз өркешті түйелер жүнімен салыстырғанда түбіт талшықтары көп болады.

Әр түрлі түйе тұқымдарында жүн талшықтарының ұзындығы әр түрлі болады, ол денеден жүннің өсуіне тығыз байланысты. Мысалы, қос өркешті түйелер мойынының астыңғы және үстіңгі жақтарында өсетін шуда жүн ұзын қылшықты болып келеді. Жалғыз өркешті түйеге тән жауырын тұсындағы төмпешік жүн қос өркешті түйелерде болмайды да, оған керісінше оларда жіліншік тұсында ұзын қылшықты жүн өседі (галифе). Осындай жүн талшықтары өркештің ұшында да болады да, қалған жерлерінде жұмсақ түбіт жүндер өседі. Жалғыз өркешті аруана түйелері ыстық жерлерге бейімделгендіктен олардың жүн өнімдері жұқалтаң болып келеді.

аналық пен аталық түйелердің өнімділік көрсеткішіне қарай, сонымен қатар жыл сайын 2,5 жаспен 6,5 жасқа толған аналық пен аталықты арнай Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нұсқаулыққа сәйкес бонитировкадан өткізіп, класс беріліп келеді. Қазақстанда түйе шаруашылығы жеке сала ретінде ХХ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап дами бастады. Бұл саланы ғылыми түрде дамыту орыс ғалымы И.И.Лакозаның (1905-1967 жж.) ғылыми еңбектерінен бастау алса, 70-шы жылдардан бастап қазақ ғалымы А.Б.Баймұқанов (1936 ж туылған) оның жолын жалғастыруда. Қазіргі кезде осы саладағы ғылыми жұмыстармен «КазАгроИнновация» АҚ-ның «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» айналысады, сонымен қатар осы институтта ғалымдар мен шаруашылықтағы мамандар кәсіби білімдерін жетілдіреді.

Қазақстанда қазақтың қос өркешті түйесі (қазақ бактрианы), қазақ аруанасы (қазақ дромедары), түрікмен аруанасы (түрікмен дромедары) тұқымдары мен

олардың будандары бар. Түйе шаруашылығы өнімділігі бойынша үш бағытта өсіріледі: етті-жүнді, етті-сүтті және сүтті.

Басқа көшпенділер сияқты, қазақтардың да негізгі тамағы ет пен сүт, яғни малдан өндірілетін өнімдер болды. Бұлардан басқа малдың жүні мен терісі пайдаланылды. Түйенің басқа малдан ерекшелігі - боталағаннан кейін 18-айға дейін сауылады. Қазіргі кезде түйе шаруашылығы жеке сала ретінде дамып келеді. Түйеден ет, сүт, май, жүн және тері өнімдері өндіріледі. Түйе етін пісіріп те, қуырып та жеуге болады. Сонымен қатар түрлі ет өнімдерін өндіру технологиясында - «Бұқтырылған түйе еті», «Алматы шұжығы», «Шығыстық жартылай ысталған шұжық», «Ойсылқара» шұжықтарын дайындауға пайдаланылады. Түйе сүті бактерицидтік қасиетіне байланысты көп уақытқа дейін ашымай сақталады. Түйе сүтінен өндірістік негізде шұбат өндіріледі. Оның жүні өте жеңілдігімен және жылу сақтағыштығымен ерекшеленді.

Қазақстанда негізінен түйенің аралас бағыттағы (етті-жүнді-сүтті) бактриан түрі, сонымен қатар қазақ және түрікмен дромедарлары өсіріледі.

Түйе шаруашылығы Евразия мен Солтүстік Африка елдерінің шөл және шөлейт аймақтарында тұратын халықтардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Бұл сала халыққа қажетті ет пен сүтті, сонымен қатар сапалы жүн өнімдерін береді. Тағы бір ерекшелігі – түйе малы көп күтімді қажет етпейді және шөлді аймақтың қолайсыз жағдайларына өте төзімді келеді. Түйелердің тірілей салмағы орта есеппен 500 кг болады, бірақ кейбір тұқымдары 1000 кг-ға дейін жетеді. Сүті өте дәмді, майлылығы жоғары болып келеді.

Дүние жүзінде шөл және шөлейт жерлер көлемінің көбейіе түсуіне байланысты ФАО алдағы уақытта шөлейттегі мал шаруашылығын, оның ішінде түйе шаруашылығын дамытуды қолға алуды көздеуде. Осы себептен Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастығы бойынша алдағы орындарды иемденуіне мүмкіндігі мол.

1.Түйе шаруашылығында генетикалық қорларының ерекшеліктерімен таныстыру;

Мал тұқымы – өнімділігі мен шығу тегі жағынан бірдей, адамның араласуымен белгілі бір шаруашылық, климаттық жағдайға бейімделген, ұрпағына өзінің белгілерін тұрақты түрде бере алатын малдың түр ішіндегі тобы.

Қазақтың тазақанды қос өркешті түйесі деп сыртқы белгілері, өнімдерінің түрі мен сапасы осы тұқымға сәйкес келетін және шығу тегі бойынша төмендегі белгілердің біріне жауап беретін түйелер айтылады:

а) тазақандалығы құжаттармен бекітілген малдардың ұрпақтары;

б) өнімділігі бойынша бір бағыттағы тұқыммен сіңіре шағылыстырған жағдайда алынған мал (егер олар жақсартушы тұқымның екінші ұрпағынан төмен болмаса және өздерінің асылтұқымдық, өнімділік сапалары бойынша осы тұқымның 1- класынан кем болмаса).

Аралас ұрпаққа - екі немесе одан да көп тұқымдардың шағылысуынан, сонымен қатар 1-2 кезеңдегі аралас ұрпақтарды «өз ішінде» өсіргеннен алынған

жағдайда, асылтұқымды малдарға қойылатын жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келмейтін малдар жатқызылады.

Өнімділігі мен конституциялық ерекшеліктеріне қарай малдар асылтұқымды және пайдаланылмалы болып бөлінеді.

Асылтұқымды түйелер – осы тұқым үшін 2 және одан жоғары кластарға қойылатын талаптарға жауап беретін, өзінің өнімділік қасиеттерін ұрпағына тұрақты түрде бере алатын малдар жатқызылады.

Табындағы малдың сапасын жақсарту мақсатында жүргізілетін селекциялық жұмыстардың нәтижелі болуы, сонымен қатар малдың өнімділік сапасын жақсарту мен жітілдіру үшін асыл тұқымды малдардың ішінен тұқымішілік зауыттық типтер, желілер мен аналық тұқымдастар жасалынады. Осындай мал топтарының әрқайсысы өздерінің пайдалы белгілерімен: жетілгіштігі, сүттілігі, ет және жүн өнімділігі, тірі салмағы, тез қонданғыштығы мен қатар жергілікті жағдайға бейімделгіштігі бойынша ерекшеленеді. Тұқымның ішінде осындай мал топтарының болуы табынды одан әрмен жетілдіруге мүмкіндік береді.

Тазақанды малдар мен пайдаланылмалы малдардың арасынан алынған жоғарыкласты ұрпақтар табындағы асылтұқымды мал құрамын толықтыру үшін пайдаланылады.

Пайдаланылмалы түйелер – 2 класқа қойылатын талаптарға сай келмейтін, яғни классыз тазақанды малдар.

Түйе тұқымдары. Қазақстан мен көршілес ЕМБ елдерінде түйелердің екі тұқымы өсіріледі: қос өркешті (қазақ, қалмақ түйелері) және дара өркешті (түрікмен және қазақ түйелері).

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС ӨРКЕШТІ ТҮЙЕСІ (ҚАЗАҚ БАКТРИАНЫ).

Қазақ түйесінің бұл тұқымында селекция үш бағытта жүргізіледі: етті-жүнді, етті-сүтті және етті.

Тұқымның белгілі бір экологиялық аймаққа бейімделген үш типі қалыптасқан: *Орал-бөкейлік тип* Батыс Қазақстан облысы Бөкейорда ауданының далалық аймағында, Ақтөбе облысы Шалқар ауданында, Атырау облысының Құрманғазы ауданында жинақталған.

Қызылордалық тип Қызылорда және Қарағанды облыстарының барлық түйе өсіреті шаруашылықтарында бар.

Оңтүстікқазақстандық тип Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарында таралған.

Каспий маңы ойпатында осы тұқымның екі популяциясы – маңғыстау және батыс популяциялары бар: маңғыстау популяциясы Маңғышлақ түбегінде (4 сурет), батыс популяциясы Атырау облысының Жылыой, Махамбет және Индер аудандарында өсіріледі

Маңғыстау популяциясы бураларының зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық желілер			орташа
		Таушық бура	Жол-Тұр	Қаламқас Атырау бура	
1	Еркек боталарының саны, бас	1	2	1	4
2	Немерелерінің саны, бас	2	2	2	6
3	Шөберелерінің саны, бас	4	2	6	12
4	Шөпшектерінің саны, бас	4	4	2	10
5	Неменелерінің саны, бас	-	2	-	2
5	Барлығы, бас	12	13	12	37
6	Түсі	Қоңыр	Қоңыр	Қоңыр	Қоңыр
7	Тірі салмағы, кг	765,6±15,1	830,4±21,5	803,4±11,7	799,8±14,2
8	Жүн түсімі, кг	12,2±0,3	13,8±0,7	13,0±0,6	13,0±0,5
9	Таза жүн шығымы, %	95,9±0,4	96,7±0,7	96,7±0,4	96,4±0,6
10	Өркеш аралық биіктігі, см	185,8±1,9	188,2±3,6	191,1±2,2	188,4±2,4
11	Кеудесінің қиғаш ұзындығы, см	164,8±0,8	164,8±1,1	169,0±1,2	166,2±1,2
12	Кеуде орамы, см	250,0±5,4	250,5±2,9	246,8±3,6	249,1±4,7
13	Жіліншік орамы, см	25,8±0,4	26,8±0,5	25,2±0,4	25,9±0,4

Қазақтың қос өркешті түйесі маңғыстау популяциясының «Тұрар» тұқымішілік типі. Бұл типтегі буралардың сипаттамасы төмендегідей: орташа тірі салмағы 799,8±14,2 кг, жүн түсімі 13,0±0,5 кг, таза жүн шығымы 96,4±0,6%, өркеш аралық биіктігі 188,4±2,4 см, денесінің қиғаш ұзындығы 166,2±1,2 см, кеуде орамы 249,1±4,7 см, жіліншік орамы 25,9±0,4 см, класы элита, біртекті қоңыр түсті.

Тұқымішілік «Тұрар» типінің үш желісі: «Жолтұр», «Таушық» және «Қаламқас Атырау» бураларының желілері бар.

«Таушық бура» желісі бураларының орташа тірі салмақтары 765,6±15,1 кг, жүн түсімі 12,2±0,3 кг, таза жүн шығымы 95,9±0,4%, өркеш аралық биіктігі 185,8±1,9 см, кеудесінің

Арал өңірі тұқымішілік типі бураларының зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық типтер		Орташа
		Арал	Құланды	
1	Желі саны	2	2	4
2	Мал саны, бас	7	6	13
3	Түсі	Құм түстес	Қоңыр	Құм түстес және қоңыр
4	Тірі салмағы, кг	788,5±18,3	845,2±14,9	805,5±22,5
5	Жүн түсімі, кг	12,4±0,3	13,7±0,3	13,1±0,2
6	Таза жүн шығымы, %	93,1±0,6	96,6±0,4	94,8±0,7
7	Өркеш аралық биіктігі, см	189,4±2,4	194,3±1,9	191,9±2,2
8	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	164,1±1,3	169,9±1,7	166,5±1,5
9	Кеуде орамы, см	251,5±4,3	260,9±3,8	256,6±4,1
10	Жіліншік орамы, см	25,9±0,2	26,9±0,3	26,4±0,2
11	Классы	элита	элита	элита

12	Жылдық сауын, кг (анасы жағынан)	1729,1±45,7	1465,2±51,3	1593,4±32,6
13	Майлылығы, %	5,45±0,06	5,19±0,05	5,32±0,08

«Таушық бура» желісі інгендерінің орташа тірі салмақтары 578,9±15,2 кг, жүн түсімі 6,5±0,3 кг, таза жүн шығымы 95,0±0,4%, өркеш аралық биіктігі 178,8±1,5 см, кеудесінің қиғаш ұзындығы 155,7±1,4 см, кеуде орамы 238,2±3,4 см, жіліншік орамы 21,7±0,2 см, жылдық сауыны 1397,9±26,4 кг, 3-4 айлығында орташа күндік сауыны 5,4±0,04 кг, майлылығы 5,3%, төлдеу индексі 45,4%. «Қаламқас Атырау бура» желісі інгендерінің орташа тірі салмақтары 587,7±11,6 кг, жүн түсімі 6,5±0,2 кг, таза жүн шығымы 95,2±0,2%, өркеш аралық биіктігі 184,0±1,6 см, кеудесінің қиғаш ұзындығы 155,1±1,2 см, кеуде орамы 235,0±4,3 см, жіліншік орамы 21,5±0,2 см, жылдық сауыны 1772,3±34,5 кг, 3-4 айлығында орташа күндік сауыны 5,4±0,05 кг, майлылығы 5,4%, төлдеу индексі 47,4%.

Қазақтың қос өркемті түйесі қызылорда типінің аралөңірі тұқымішілік типі. Бұл типтің бураларының орта салмағы 805,5±22,5, жүн түсімі 13,1±0,2, таза жүн шығымы 94,8±0,7, өркеш аралық биіктігі 191,9±2,2, кеудесінің қиғаш ұзындығы 166,5±1,5, кеуде орамы 256,6±4,1, 256,6±4,1, см, жіліншік орамы 26,4±0,2 (4 кесте) болып келеді.

Інгендерінің орташа тірі салмақтары 641,4±15,6, жүн түсімі 6,6±0,2, таза жүн шығымы 95,6±0,8, өркеш аралық биіктігі 183,5±1,4, кеудесінің қиғаш ұзындығы 159,1±1,3, кеуде орамы 237,4±3,2, жіліншік орамы 20,9±0,09, жылдық сауыны 1930,5±27,2 кг, 3-4 айлығында орташа күндік сауыны 5,4±0,05 кг, майлылығы 5,3%±0,1 (5 кесте).

Арал зауыттық типі түйелерінің сойыс шығымы 52,3%, құланды зауыттық типі түйелерінің сойыс шығымы 56,6% (6 кесте). 30 айлық арал зауыттық типі түйелерінің сойыс алды салмағы 382,1 кг тартты, ұша шығымы 47,2%, ішмайының шығымы 0,8%, өркешінің шығымы 4,4% болды. Осы көрсеткіштер құланды зауыттық типі түйелерінде тиісінше 395,1 кг- 48,7%-1,1%-6,6%.болды. Арал зауыттық типі 30 айлық еркек түйелерінің сойыс салмағы 200,2 кг немесе 52,4%, ал құланды зауыттық типі түйелері 222,8 кг или 56,4%.

Арал өңірі тұқымішілік типі інгендерінің зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық типтер		Орташа
		Арал	Құланды	
1	Желі саны	4	6	10
2	Мал саны, бас	80	80	160
3	Түсі	Құм түстес, ашық	Қоңыр	Құм түстес, ашық, қоңыр
4	Тірі салмағы, кг	634,7±19,6	647,3±13,8	641,4±15,6
5	Жүн түсімі, кг	6,4±0,3	6,9±0,1	6,6±0,2
6	Таза жүн шығымы, %	94,1 ±1,5	97,1 ±1,0	95,6±0,8
7	Өркеш аралық биіктігі, см	182,2±1,9	184,9±1,3	183,5±1,4

8	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	158,1±1,5	160,2±1,2	159,1±1,3
9	Кеуде орамы, см	237,4±4,8	237,5±2,5	237,4±3,2
10	Жіліншік орамы, см	20,8±0,1	21,0±0,07	20,9±0,09
11	Жылдық сауын, кг	2022,4±35,3	1835,7±31,8	1930,5±27,2
12	Сүтінің майлылығы, %	5,3±0,2	5,27±0,08	5,3±0,1

Арал зауыттық типі 42 айлық еркек түйелерінің сойыс алды салмағы 444,9 кг, сойыс салмағы 200,2 кг немесе сойыс шығымы 52,4%; құланды зауыттық типі түйелерінде тиісінше 485,3 кг-239,8 кг-56, 8%болды.

Қазақтың қос өркешті түйесі батыс популяциясының атырау зауыттық типі. Атырау зауыттық типі Атырау облысы Жылыой ауданындағы асыл тұқымды «Жаңа таң» ЖШС-де инбридинг, яғни туыстық шағылыстыру жолымен, сол сияқты фенотипі жағынан ұқсас туыс емес інгендерді желілік буралармен сұрыптау арқылы шығарылған. Бұл зауыттық типтің ішінде «Атырау бура» және «Жапар бура» аталатын екі зауыттық желі бар (7 кесте).

Атырау зауыттық типінің түйелерінің дене бітімі шымыр, денелі, жүндес, салмағы жоғары болып келеді. бураларының орташа тірі салмағы 854,4±16,2 кг, жүн түсімі 11,0 кг, таза жүн шығымы 95,3±0,3%, өркеш аралық биіктігі 194,7±2,1 см, денесінің қиғаш ұзындығы 170,4±1,3 см, кеуде орамы 247,2±2,4 см, жіліншік орамы 25,2±0,2 см, сойыс шығымы 53,8 %.

Арал өңірі тұқымшыл типі еркек малдарының сойыс нәтижелері

Белгілері	Жасы, ай			
	30		42	
	Арал	Құланды	Арал	Құланды
Саны, бас	5	5	5	5
Сою алдындағы салмағы, кг	382,1±9,5	395,1±8,1	444,9±12,5	485,3±12,4
Ұша салмағы, кг	180,4±2,6	192,4±1,7	206,4±4,3	239,8±3,1
Ұша шығымы, %	47,2	48,7	46,4	49,4
Іш майының салмағы, кг	3,1±0,3	4,3±0,1	4,4±0,2	6,3±0,3
Іш майының шығымы, %	0,8	1,1	1,0	1,3
Өркешінің салмағы, кг	16,7±0,4	26,1±1,5	23,2±0,8	29,6±1,7
Өркеш шығымы, %	4,4	6,6	5,2	6,1
Сойыс салмағы, кг	200,2±2,8	222,8±2,5	234,0±4,8	275,7±4,3
Сойыс шығымы, %	52,4	56,4	52,6	56,8

Атырау зауыттық типі бураларының зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық желілер		Орташа
		Атырау бура	Жапар бура	
1	Еркек боталарының саны, бас	2	3	5
2	Немерелерінің саны, бас	3	3	6
3	Шөберелерінің саны, бас	4	3	7
4	Шөпшектерінің саны, бас	5	2	7
5	Барлығы, бас	15	12	27
6	Түсі	Қоңыр, құм түстес	Қоңыр, құм түстес, боз	Қоңыр, құм түстес, боз
7	Тірі салмағы, кг	905,1±22,5	803,6±12,4	854,4±16,2
8	Жүн түсімі, кг	12,9±0,2	9,1±0,3	11,0±0,2
9	Таза жүн шығымы, %	93,9±0,4	96,7±0,2	95,3±0,3
10	Өркеш аралық биіктігі, см	192,1±1,9	197,3±1,8	194,7±2,1
11	Кеудесінің қиғаш ұзындығы, см	167,1±1,4	173,7±1,1	170,4±1,3
12	Кеуде орамы, см	251,5±2,9	242,8±3,1	247,2±2,4
13	Жіліншік орамы, см	25,7±0,2	24,7±0,2	25,2±0,2
14	Классы	элита	элита	элита

«Атырау» зауыттық типі інгендерінің орташа тірі салмақтары 623,2±8,9 кг, жүн түсімі 6,8 кг, таза жүн шығымы 95,3±0,6%, өркеш аралық биіктігі 189,1±1,5 см, кеудесінің қиғаш ұзындығы 163,8±1,2 см, кеуде орамы 237,3±3,5 см, жіліншік орамы 21,2±0,11 см, жылдық сауыны 1557,7±5,2 кг, сүтінің майлылығы 5,3%±0,1 (8 кесте).

«Атырау бура» желісі інгендерінің орташа тірі салмақтары 617,5±12,5кг, жүн түсімі 6,9±0,2 кг, таза жүн шығымы 95,0±0,5 %, дене өлшемдері 191,4-165,5-238,5-21,3 см, жылдық сауыны 1525,4±28,1 кг, сүтінің майлылығы 5,3%, сойыс шығымы 55,0%, төлдеу индексі 46,5%.

Атырау зауыттық типі інгендерінің зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық желілер		Орташа
		Атырау бура	Жапар бура	
1	Аналық тұқымдастар саны	2	2	4
2	Басы	20	24	44
3	Түсі	Құм түстес, қоңыр	Қоңыр, құм түстес, боз	Қоңыр, құм түстес, боз
4	Тірі салмағы, кг	617,5±12,5	628,9±10,6	623,2±8,9
5	Жүн түсімі, кг	6,9±0,2	6,6±0,3	6,8±0,2
6	Таза жүн шығымы, %	95,0±0,5	95,3±0,6	95,3±0,6
7	Өркеш аралық биіктігі, см	191,4±1,2	186,7±1,8	189,1±1,5
8	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	165,5±0,9	162,3±1,5	163,8±1,2
9	Кеуде орамы, см	238,5±2,4	236,1±4,3	237,3±3,5
10	Жіліншік орамы, см	21,3±0,2	21,1±0,08	21,2±0,11
11	Жылдық сауыны, кг	1525,4±28,1	1590,0±27,3	1557,7±5,2
12	Сүтінің майлылығы, %	5,3±0,05	5,3±0,06	5,3±0,08
13	Сүттілік индексі (коэффициент)	2,5±0,4	2,5±0,3	2,5±0,5

14	Төлдеу индексі, %	46,5±0,6	45,7±0,6	46,1±0,3
----	-------------------	----------	----------	----------

«Жапар бура» желісі інгендерінің орташа тірі салмақтары 628,9±10,6 кг, жүн түсімі 6,6 кг, таза жүн шығымы 95,3±0,6 %, дене өлшемдері 186,7-162,3-236,1-21,1 см, жылдық сауыны 1590,0±27,3 кг, сүтінің майлылығы 5,3%, сойыс шығымы 55,0%, төлдеу индексі 45,7%.

Өнімдерінің сапасы жөнінен атырау зауыттық типінің түйелері өз қатарластарынан және 1 класқа қойылатын талаптардан жастық-жыныстық құрылымына қарай салмағы бойынша 8,2-15,5%, жүн түсімі 8-12%, сойыс шығымы 3-5% артық. 2012 жылы «Атырау бура» желісінің 2,5 жасар ұрғашы төлінің тірі салмағы 377,8 кг, дене өлшемдері 179,8-147,2-212,8-19,2 см, «Жапар бура» желісінің 2,5 жасар ұрғашы төлінің тірі салмағы 369,4 кг, дене өлшемдері 182,1-139,7-207,9-19,0 см болды. «Атырау бура» желісінің 6,5 жасар інгендерінің тірі салмағы 656,4 кг, 656,4 кг, дене өлшемдері 192,4-164,9-247,4-21,2 см болса, бұл көрсеткіштер «Жапар бура» желісінің інгендерінде тиісінше 609,6 кг және 188,6-161,6-237,4-21,0 см болды.

Атырау зауыттық типі түйелерімен жүргізілетін селекциялық жұмыстардың негізгі бағыты ата-енесін гомогенді жұптау арқылы дене пішімі мен жүнділігін жақсарту, ата-енесін гетерогенді жұптау арқылы (етті-сүтті х етті-жүнді) сүттілігін арттыру болмақ. Осы әдіспен осы зауыттық типінің ішінен 2 желі: «Атырау бура» және «Жапар бура» желілері шығарылды.

Қазақтың қос өркешті түйесі оңтүстікқазақстандық типінің созақ зауыттық типі. Буралары бірдей қоңыр түсті болып келеді, орташа тірі салмақтары 764,2±18,6 кг, жүн түсімі 14,4±0,4 кг, таза жүн шығымы 95,65±0,7%, өркеш аралық биіктігі 187,8±2,1 см, денесінің қиғаш ұзындығы 170,4±1,4 см, кеуде орамы 247,4±3,7 см, жіліншік орамы 26,1±0,2см, бонитировка класы элита (9 кесте).

Созақ зауыттық типі бураларының зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық желілер		Орташа
		Тәліп бура 1	Нұрбол бура 9	
1	Еркек боталарының саны, бас	2	5	7
2	Немерелерінің саны, бас	3	5	8
3	Шөберелерінің саны, бас	2	-	2
4	Шөпшектерінің саны, бас	3	-	3
5	Барлығы, бас	11	11	22
6	Түсі	Қоңыр	Қоңыр	Қоңыр
7	Тірі салмағы, кг	772,5±11,9	755,9±25,1	764,2±18,6
8	Жүн түсімі, кг	15,1±0,6	13,7±0,5	14,4±0,4
9	Таза жүн шығымы, %	93,7±1,2	93,6±0,9	95,65±0,7
10	Өркеш аралық биіктігі, см	187,3±2,7	188,2±1,7	187,8±2,1
11	Кеудесінің қиғаш ұзындығы, см	167,6±1,1	173,1±1,6	170,4±1,4
12	Кеуде орамы, см	254,5±2,9	240,2±5,2	247,4±3,7
13	Жіліншік орамы, см	26,7±0,3	25,4±0,2	26,1±0,2
14	Классы	элита	элита	элита

«Тәліп-1» желісінің буралары бірдей қоңыр түсті болып келеді, орташа тірі салмақтары 772,5±11,9 кг, жүн түсімі 15,1±0,6 кг, таза жүн шығымы 93,7±1,2%, өркеш аралық биіктігі 187,3±2,7 см, денесінің қиғаш ұзындығы 167,6±1,1 см, кеуде орамы 254,5±2,9 см, жіліншік орамы 26,7±0,3 см, бонитировкалау класы элита.

«Нұрбол бура 9» желісінің буралары қоңыр түсті, орташа тірі салмақтары 755,9±25,1 кг, жүн түсімі 13,7±0,5 кг, таза жүн шығымы 93,6 ±0,9%, өркеш аралық биіктігі 188,2±1,7 см, денесінің қиғаш ұзындығы 173,1±1,6 см, кеуде орамы 240,2±5,2 см, жіліншік орамы 25,4±0,2 см, бонитировкалау класы элита.

Созақ зауыттық типінің інгендерінің орташа тірі салмағы 605,1±8,9 кг, жүн түсімі 6,2±0,3 кг, таза жүн шығымы 96,1±0,8%, жылдық сауыны 1668,0±24,8 кг, сүтінің майлылығы 5,5±0,06%, төлдеу индексі 46,1%, өркеш аралық биіктігі 176,8±2,4 см, денесінің қиғаш ұзындығы 156,7±1,5 см, кеуде орамы 235,9±3,8 см, жіліншік орамы 20,5±0,2 см (10 кесте).

«Тәліп бура 1» желісі інгендерінің орташа тірі салмағы 601,2±12,5 кг, жүн түсімі 6,7±0,2 кг, таза жүн шығымы 95%, жылдық сауыны 1589,6±25,3 кг, 3-айлығындағы күндік сауыны 5,9±0,4 кг, сүтінің майлылығы 5,5 ±0,8%, төлдеу индексі 46,3%. дене өлшемдері 176,4-154,5-236,3-20,6 см.

«Нұрбол бура 9» желісі інгендерінің орташа тірі салмақтары 608,9 кг, жүн түсімі 7,7 кг, таза жүн шығымы 97,2%, дене өлшемдері 186,7-162,3-236,1-21,1 см, 3 айлығындағы күндік сауыны 6,7±0,4 кг, сүтінің майлылығы 5,5±0,08%.
Созақ зауыттық типі інгендерінің зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық желілер		Орташа
		Тәліп бура 1	Тәліп бура 1	
1	Аналық тұқымдастар саны	3	2	5
2	Басы	34	30	64
3	Түсі	Бурая	Бурая	Бурая
4	Тірі салмағы, кг	601,2±12,5	608,9±15,7	605,1±8,9
5	Жүн түсімі, кг	6,7±0,2	7,7±0,4	6,2±0,3
6	Таза жүн шығымы, %	95,0±1,2	97,2±1,2	96,1±0,8
7	Өркеш аралық биіктігі, см	176,4±2,4	177,2±2,1	176,8±2,4
8	Кеудесінің қиғаш ұзындығы, см	154,5±1,3	158,8±1,7	156,7±1,5
9	Кеуде орамы, см	236,3±5,1	235,4±3,1	235,9±3,8
10	Жіліншік орамы, см	20,6±0,1	20,5±0,1	20,5±0,2
11	Жылдық сауыны, кг	1589,6±25,3	1746,4±17,9	1668,0±24,8
12	Сүтінің майлылығы, %	5,5±0,08	5,5±0,05	5,5±0,06
13	Сүттілік индексі (коэффициенті)	2,6±0,3	2,9±0,4	2,8±0,4
14	Төлдеу индексі, %	46,3±0,7	45,9±0,9	46,1±0,6

ҚАЗАҚ НАРЫ (ҚАЗАҚ АРУАНАСЫ)

Қазақ нары (6 сурет) профессор Асылбек Баймұқановтың жасаған схемасы бойынша (7,8 суреттер) қазақтың қос өркешті түйесі мен түрікмен аруанасын будандастыру нәтижесінде шығарылған. Жалпы саны 3000 басқа жуық, аналықтары 1250 бас, 100% тазақанды түрінде өсіріледі. Аналықтарының орташа тірі салмақтары 570 кг, жүн түсімі 4,0 кг, дене өлшемдері: шоқтығының биіктігі 185 см, денесінің қиғаш ұзындығы 155 см, жылдық сауыны 3200 кг, сүтінің майлылығы 4,2% (9 сурет). Лөктерінің орташа тірі салмағы 820 кг, жүн түсімі 5,0 кг, шоқтығының биіктігі 195 см, денесінің қиғаш ұзындығы 165 см (10 сурет). Қазақ нарының негізгі бөлігі Қазақстанның Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облыстарында шоғырланған.

Қазақ нарының «Достық» тұқымішілік типі. Қазақтың қос өркешті түйесінің інгенін түрікмен үлегімен бағытталған тұраралық будандастырудың нәтижесінде бірінші ұрпақ – нармая алынған. Бұдан әрмен қарай нармаяны екі ұрпақ бойы түрікмен үлегімен шағылыстырып «сіңіріп» отырған. Осылай алынған түйелер Достық III F₃ (93,75%*d*) ұрпақтары «өз ішінде» өсірілді (7 сурет). Осы ұрпақ қазақ нарының тұқымішілік «Достық» типі деп аталынды.

Одан әрі осы алынған ұрпақтың ішінен тірі салмағы 400 кг, шоқтығының биіктігі 164 см, денесінің қиғаш ұзындығы 140 см, кеуде орамы 175 см, жіліншік орамы 17,0 см және жүн түсімі 2,0 кг-нан кем емес ұрғашы түйелер іріктеліп алынды. Іріктелген ұрғашы түйелер салмағы 520 кг, шоқтығының биіктігі 186 см, денесінің қиғаш ұзындығы 158 см, кеуде орамы 205 см, жіліншік орамы 21,0 см және жүн түсімі 4,8 кг, жүнінің таза шығымы 90,0%-дан кем емес үлектермен шағылыстырылды.

Қазақ нары «Достық» тұқымішілік типі үлектерінің зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	Зауыттық желілер		Орташа
		Қаламқас	Домбы	
1	Желі саны	2	2	4
2	Саны, бас	17	17	34
3	Түсі	Құм түстес	Құм түстес	Құм түстес
4	Тірілей салмағы, кг	578,1±9,4	618,9±13,7	598,5±12,4
5	Жүн түсімі, кг	4,95±0,1	5,05±0,1	5,0±0,1
6	Таза жүн шығымы, %	91,4±0,2	91,4±0,2	91,4±0,2
7	Шоқтығының биіктігі, см	187,1±1,2	191,1±1,6	189,1±1,3
8	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	157,8±0,7	157,5±1,2	157,7±0,7
9	Кеуде орамы, см	221,8±2,1	228,4±2,4	225,1±1,8
10	Жіліншік орамы, см	22,6±0,1	23,6±0,1	23,1±0,1

Қазақ нарының «Достық» тұқымішілік типіне кіретін «Қаламқас» зауыттық типі үлектерінің орташа тірі салмағы 578,1±9,4 кг, жүн түсімі 4,95±0,1 кг, таза жүн шығымы 91,4±0,2%, , шоқтығының биіктігі 187,1±1,2 см, денесінің қиғаш

ұзындығы $157,8 \pm 0,7$ см, кеуде орамы $221,8 \pm 2,1$ см, жіліншік орамы $22,6 \pm 0,1$ см, бірыңғай құм түстес болып сипатталады.

«Домбы» зауыттық типі үлектерінің орташа тірі салмағы $618,9 \pm 13,7$ кг, жүн түсімі $5,05 \pm 0,1$ кг, таза жүн шығымы $91,4 \pm 0,2\%$, шоқтығының биіктігі $191,1 \pm 1,6$ см, денесінің қиғаш ұзындығы $157,5 \pm 1,2$ см, кеуде орамы $228,4 \pm 2,4$ см, жіліншік орамы $23,6 \pm 0,1$ см, бірыңғай құм түстес болып келеді.

«Достық» тұқымішілік типінің үлектерінің орташа тірілей салмағы $598,5 \pm 12,4$ кг, жүн түсімі $5,0 \pm 0,1$ кг, таза жүн шығымы $91,4 \pm 0,2\%$, шоқтығының биіктігі $189,1 \pm 1,3$ см, денесінің қиғаш ұзындығы $157,7 \pm 0,7$ см, кеуде орамы $225,1 \pm 1,8$ см, жіліншік орамы $23,1 \pm 0,1$ см, біртекті құм түстес болады. Қазақ нарының үлектерінде кекіл болмайды, «галифесі» қысқа жүнді болып келеді.

Аналықтарының орташа тірі салмақтары $552,6 \pm 21,9$ кг, жүн түсімі $3,9 \pm 0,08$ кг, таза жүн шығымы $92,0 \pm 0,3\%$, шоқтығының биіктігі $186,3 \pm 1,5$ см, денесінің қиғаш өлшемі $156,3 \pm 0,8$ см, кеуде орамы $220,5 \pm 2,2$ см, жіліншік орамы $19,5 \pm 0,07$ см, жылдық сауыны $3648,5 \pm 35,9$ кг, сүтінің майлылығы $4,3 \pm 0,1\%$, төлдеу индексі $47,8 \pm 0,7\%$, біртекті құм түстес болады (12 кесте).

«Қаламқас» зауыттық желісі аналықтары былай сипатталады: орташа тірі салмақтары $530,1 \pm 11,9$ кг, жүн түсімі $3,9 \pm 0,1$ кг, жүнінің таза шығымы $91,0 \pm 0,2\%$, шоқтығының биіктігі $183,5 \pm 1,7$ см, денесінің қиғаш ұзындығы $154,0 \pm 0,8$ см, кеуде орамы $222,0 \pm 2,5$ см, жіліншік орамы $19,5 \pm 0,02$ см, жылдық сауыны $3437,0 \pm 29,2$ кг, сүтінің майлылығы $4,2 \pm 0,209\%$, төлдеу индексі $47,5\%$ (12 кесте).

«Дамбы» зауыттық желісі аналықтарының орташа тірі салмақтары: $575,0 \pm 12,4$ кг, жүн түсімі $3,8 \pm 0,1$ кг, жүнінің таза шығымы $93,0 \pm 0,3\%$, шоқтығының биіктігі $189,0 \pm 1,9$ см, денесінің қиғаш ұзындығы $158,0 \pm 0,5$ см, кеуде орамы $219,0 \pm 2,1$ см, жіліншік орамы $19,5 \pm 0,2$ см, жылдық сауыны $3860,8 \pm 52,1$ кг, сүтінің майлылығы $4,4\%$, төлдеу индексі $48,0\%$, біртекті құм түстес.

Қазақ нарының «Құрт IV» тұқымішілік типі (адай тұқымішілік типі). Қазақ нарының бұл тұқымішілік типі «Курт IV» ($96,875\%$ d) ең көп тараған түр, «инермая» аталатын бірінші будан ұрпақты әрмен қарай түрікмен үлектерімен үш ұрпақ бойы сіңіре будандастыру арқылы алынған (8 сурет).

Түйенің жоғары сүттілік көрсеткіштері мен тірі салмағын бекіту үшін ҚР №13740 патенті бойынша іріктеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жерде тұмса туған аналықтардың ішінен желіндерінің төрт бөлігі де тостаған тәріздес болып келетін және үрпілері тіке төмен қарай орналасқандары іріктеліп алынды. Аналықтардың тірілей салмақтары 525 кг-нан кем емес. Осы аналықтардың $85-90$ күнге дейінгі боталарының қондылығы анықталды. Осы аналықтардың ішінен боталарының қондылығы жоғары және дене бітімі дұрыс дамыған боталары бар аналықтар ғана қалдырылды. Бұл тәсіл қазақ нарының ішінен сүттілігі жоғары аналықтарды дұрыс анықтауға және оларды селекциялық іріктеуге мүмкіндік берді.

**Қазақ нары «Достық» тұқымішілік типі аналықтарының
зоотехникалық сипаттамасы**

№	Белгілері	Зауыттық типтер		
		Қаламқас	Домбы	Барлығы
1	Аналық желілер саны	4	4	8
2	Тікелей ұрпақтарының саны, бас	34	41	75
3	Түсі	Құм түстес	Құм түстес	Құм түстес
4	Тірі салмағы, кг	530,1±11,9	575,0±12,4	552,6±21,9
5	Жүн түсімі, кг	3,9±0,1	3,8±0,1	3,9±0,08
6	Таза жүн шығымы, %	91,0±0,2	93,0±0,3	92,0±0,3
7	Шоқтығының биіктігі, см	183,5±1,7	189,0±1,9	186,3±1,5
8	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	154,0±0,8	158,0±0,5	156,3±0,8
9	Кеуде орамы, см	222,0±2,5	219,0±2,1	220,5±2,2
10	Жіліншік орамы, см	19,5±0,02	19,5±0,2	19,5±0,07
11	Жылдық сауын, кг	3437,0±29,2	3860,8±52,1	3648,5±35,9
12	Сүтінің майлылығы, %	4,2±0,09	4,4±0,09	4,3±0,1
13	Төлдеу индексі, %	47,5±0,5	48,0±1,3	47,8±0,7

Одан әрі қарай, яғни екінші сауын кезеңінде қазақ нарларының сүттілігін арттыра түсу үшін сауын мерзімінің толықтық дәрежесі бойынша қосымша іріктеулер жүргізілді. Сауын мерзімінің толықтық дәрежесі 90% кем емес аналықтар мен аналарының сауын мерзімінің толықтық дәрежесі 100% кем емес үлектерден соңғы рет селекциялық табын іріктелді. Бұл қазақ нарларының адай тұқымішілік типі бойынша аналықтарының сауын мерзімінің толықтық дәрежесі 91,5%-дан (Байдара аналық желісі) 133,9%-ға дейін жететін (Байтұр аналық желісі) селекциялық табындар жасақтауға мүмкіндік берді. Сүттілік коэффициенті Байтұр аналық желісінде 3,6 бірлік болса, Құрт-IV аналықтарында 5,6 бірлікке дейін жетті.

Адай тұқымішілік типі аналықтарының белсенді сауын мерзімі 300 күн. Сауын мерзімінің үшінші айында бір күндік орташа сауыны 8,7 кг-нан 11,2 кг-ға дейін барады.

Алғашқы сауын мерзімінде сүтінің майлылығы 4,2-4,5%, ақуызы 3,95% болса, екінші және үшінші мерзімдерінде майлылық 4,7%-ке, ал ақуыз 3,2-3,7% дейін төмендеулер байқалады.

Қазақ нарының адай тұқымішілік типінің ішінде «Түпқараған» және «Қаражамбас» аталатын екі зауыттық типі шығалылған (13 кесте).

Адай тұқымішілік типі үлектерінің орташа тірі салмақтары 691,1 кг, жүн түсімі 5,3 кг, таза жүн шығымы 92,5%, шоқтығының биіктігі 193,0 см, кеудесінің қиғаш ұзындығы 162,8 см, кеуде орамы 226,6 см, жіліншік орамы 23,8 см, түсі қоңыр, аналарының жылдық сауыны 3347,8 кг, сүтінің майлылығы 4,0%. Қазақ нарының барлық үлектерінде кекіл мен «галифе» болмайды.

**13 кесте - Қазақ нары «Адай» тұқымішілік типі үлектерінің
зоотехникалық сипаттамасы**

№	Көрсеткіштері	Зауыттық типтер		Орташа
		Түпқараған	Қаражамбас	
1	Желілер саны	2	2	4
2	Саны, бас	14	18	31
2	Түсі	Қоңыр	Қоңыр	Қоңыр
3	Тірі салмағы, кг	660,0±11,9	722,1±14,6	691,1±17,9
4	Жүн түсімі, кг	5,2±0,2	5,5±0,3	5,3±0,2
5	Таза жүн шығымы, %	92,8±0,3	92,1±0,3	92,5±0,2
6	Шоқтығының биіктігі, см	190,7±1,6	195,3±1,8	193,0±2,1
7	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	158,8±1,2	166,7±1,4	162,8±1,3
8	Кеуде орамы, см	223,5±3,7	229,7±3,3	226,6±3,2
9	Жіліншік орамы, см	23,8±0,12	23,8±0,11	23,8±0,1
10	Классы	элита	элита	элита
11	Жылдық сауыны, кг (анасы бойынша)	3221,4±47,2	3474,1±19,8	3347,8±25,3
12	Сүтінің майлылығы, %	3,9±0,05	4,0±0,06	4,0±0,05

Аналықтарының орташа тірі салмақтары 585,2±19,3 кг, жүн түсімі 3,9 кг, жүннің таза шығымы 93,3%, шоқтығының биіктігі 186,8 см, денесінің қиғаш ұзындығы 160,7 см, кеуде орамы 222,0 см, жіліншік орамы 20,8 см, жылдық сауыны 3382,0 кг, сүтінің майлылығы 4,2% (14 кесте).

«Түпқараған» зауыттық типінің аналықтарының орташа тірі салмақтары 575,5±18,1 кг, жүн түсімі 3,7±0,1 кг, жүннің таза шығымы 93,4±0,2%, шоқтығының биіктігі 184,6±1,6 см, денесінің қиғаш ұзындығы 160,4±1,2 см, кеуде орамы 220,1±2,5 см, жіліншік орамы 20,8±0,2 см, жылдық сауыны 3293,3±32,6 кг сүтінің майлылығы 4,2±0,2%.

«Қаражамбас» зауыттық типінің аналықтарының орташа тірі салмақтары 594,9±13,7 кг, жүн түсімі 4,0±0,06 кг, жүннің таза шығымы 93,3±0,1%, шоқтығының биіктігі 189,0±1,4 см, денесінің қиғаш ұзындығы 161,4±1,1 см, кеуде орамы 224,0±2,1 см, жіліншік орамы 21,3±0,1 см, жылдық сауыны 3470,6±38,5 кг сүтінің майлылығы 4,3±0,1%.

Қазақ нары «Адай» тұқымішілік типі аналықтарының зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштері	Зауыттық типтер		
		Түпқараған	Қаражамбас	Барлығы
1	Аналық желілер саны	6	4	10
2	Тікелей ұрпақтарының саны, бас	48	32	80
3	Түсі	Қоңыр	Қоңыр	Қоңыр
4	Тірі салмағы, кг	575,5±18,1	594,9±13,7	585,2±19,3
5	Жүн түсімі, кг	3,7±0,1	4,0±0,06	3,9±0,09
6	Таза жүн шығымы, %	93,4±0,2	93,3±0,1	93,3±0,1

7	Шоқтығының биіктігі, см	184,6±1,6	189,0±1,4	186,8±1,2
8	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	160,4±1,2	161,4±1,1	160,7±1,3
9	Кеуде орамы, см	220,1±2,5	224,0±2,1	222,0±2,3
10	Жіліншік орамы, см	20,8±0,2	21,3±0,1	21,1±0,1
11	Классы	элита	элита	элита
12	Жылдық сауыны, кг	3293,3±32,6	3470,6±38,5	3382,0±28,4
13	Сүтінің майлылығы, %	4,2±0,2	4,3±0,1	4,2±0,1

ТҮРІКМЕН АРУАНАСЫ

Түрікмен аруанасының Қазақстанда 20 000 басқа жуық. Түрікмен аруанасы тұқымының тұқымішілік төрт типі бар: *Сакарчага сүтті-емті типі* – ересек түйелерде шоқтығының биіктігі 188 см, орташа тірі салмағы 720 кг, 12 ай мерзімдегі сауыны 3500 л, сүтінің орташа майлылығы 3,5%; *Ербент сүтті типі* - ересек түйелерде шоқтығының биіктігі 178 см, орташа тірі салмағы 610 кг, 12 ай мерзімдегі сауыны 4400 кг сүтінің орташа майлылығы 3,3 % (11-14 кестелер); *Иран емті-сүтті типі* – ересек еркектерінің шоқтық биіктігі 185 см, ұрғашыларынікі 178 см. Еркектерінің орташа тірі салмағы мен жүн түсімі 650 кг және 4,0 кг, ұрғашыларынікі тиісінше 550 кг және 2,8 кг. Жылдық сауыны 3200 кг, майлылығы 3,3% (15 сурет) болады; *тұқымішілік емті-сүтті қазақы тип* – шоқтығының биіктігі: еркектерінікі 185 (175-195) см, ұрғашыларынікі 180 (170-190) см. Еркектерінің тірі салмағы 750 кг (600-900 кг), ұрғашыларынікі 580 кг (550-680 кг) (16 - 18 сурет).

Түрікмен аруанасының маңғыстау зауыттық типі. «Теклі үлек» желісінің үлектерінің орташа тірі салмағы 675,0±32,2 кг, жүн түсімі 5,6±0,2 кг, таза жүн шығымы 92,0±0,5%, дене өлшемдері 211,3-169,4-231,6-24,9 см (15 кесте).

Түрікмен аруанасы маңғыстау зауыттық типі үлектерінің

зоотехникалық сипаттамасы

№	Көрсеткіштер	желілер		Орташа
		Текелі-үлек	Жаңа-үлек 1	
1	Саны, бас	7	5	12
2	Түсі	Құм түстес, қоңыр	Құм түстес, қоңыр	Құм түстес, қоңыр
3	Тірі салмағы, кг	675,0±32,2	670,8±27,4	672,8±23,7
4	Жүн түсімі, кг	5,6±0,2	4,96±0,08	5,3±0,1
5	Таза жүн шығымы, %	92,0±0,5	89,6±1,4	90,8±0,9
6	Шоқтығының биіктігі, см	211,3±3,4	201,4±2,6	206,3±2,3
7	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	169,4±1,8	170,0±1,5	169,7±1,3
8	Кеуде орамы, см	231,6±2,7	225,8±1,2	228,7±1,7
9	Жіліншік орамы, см	24,9±0,1	23,7±0,2	24,1±1,7
10	Классы	элита	элита	элита
11	Жылдық сауыны, кг (анасы бойынша)	3489,2±53,9	3618,4±62,3	3553,8±46,2

«Жаңа үлек 1» желісінің үлектерінің орташа тірі салмағы 670,8±27,4 кг, жүн түсімі 4,96±0,08 кг, жүннің таза шығымы 89,6±1,4%, дене өлшемдері 201,4-170,0-225,8-23,7 см болып келеді.

**Түрікмен аруанасы маңғыстау зауыттық типі аналықтарының
зоотехникалық сипаттамасы**

№	Белгілері	Желілер		
		Ұзынқас	Жалғыз	Құмкент
1	Саны, бас	20	20	15
2	Түсі	Қоңыр	Құм түстес	Құм түстес
3	Тірі салмағы, кг	555,8±16,1	597,4±12,6	565,4±19,2
4	Жүн түсімі, кг	3,7±0,1	3,8±0,2	3,8±0,2
5	Таза жүн шығымы, %	91,5±1,4	91,5±1,7	91,3±1,2
6	Шоқтығының биіктігі, см	189,5±2,8	184,7±2,1	188,3±1,9
7	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	155,4±1,8	163,2±2,3	163,7±1,4
8	Кеуде орамы, см	215,4±4,3	219,1±3,9	219,4±3,9
9	Жіліншік орамы, см	19,2±0,2	19,6±0,2	19,9±0,3
10	3,4 айлығындағы орташа күндік сүті, кг	14,2±0,4	14,1±0,5	13,8±0,6
11	Сүтінің майлылығы, %	3,5±0,1	3,5±0,2	3,4±0,2

кестенің жалғасы

№	Белгілері	Желілер		
		Қызыл	Қараша	Қарлығаш
1	Саны, бас	15	12	12
2	Түсі	Қоңыр	Қоңыр	Қоңыр
3	Тірі салмағы, кг	554,2±15,8	523,8±11,8	513,6±14,6
4	Жүн түсімі, кг	3,7±0,2	3,5±0,2	3,6±0,3
5	Таза жүн шығымы, %	91,4±1,6	92,2±0,8	91,8±0,7
6	Шоқтығының биіктігі, см	188,1±2,7	185,7±1,4	186,1±1,2
7	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	162,6±1,8	158,4±0,9	157,2±0,6
8	Кеуде орамы, см	214,9±4,2	216,1±2,6	217,6±2,1
9	Жіліншік орамы, см	20,1±0,2	19,4±0,1	19,2±0,1
10	3,4 айлығындағы орташа күндік сүті, кг	15,2±0,4	12,5±0,6	12,8±0,3
11	Сүтінің майлылығы, %	3,4±0,1	3,7±0,05	3,8±0,07

кестенің жалғасы

№	Белгілері	Желілер		Барлығы
		Нәзік	Рәзия	
1	Саны, бас	11	11	116
2	Түсі	Құм түстес	Құм түстес	Құм түстес, қоңыр
3	Тірі салмағы, кг	522,8±9,6	518,3±7,3	543,9±16,2
4	Жүн түсімі, кг	3,2±0,2	3,2±0,1	3,6±0,2
5	Таза жүн шығымы, %	92,5±0,7	92,7±0,8	91,9±1,1
6	Шоқтығының биіктігі, см	185,1±1,5	185,4±1,3	186,6±1,9

7	Денесінің қиғаш ұзындығы, см	158,1±1,2	158,1±1,4	159,6±1,3
8	Кеуде орамы, см	218,5±2,6	214,7±3,1	217,0±3,2
9	Жіліншік орамы, см	19,6±0,2	19,3±0,1	19,5±0,2
10	3,4 айлығындағы орташа күндік сүті, кг	14,2±0,5	13,8±0,3	13,8±0,4
11	Сүтінің майлылығы, %	3,6±0,06	3,6±0,05	3,56±0,09

Түрікмен аруанасы маңғыстау зауыттық типі үлектерінің орташа тірі салмағы 672,8±23,7 кг, жүн түсімі 5,3±0,1 кг, жүннің таза шығымы 90,8±0,9 %, шоқтығының биіктігі 206,3±2,3 см, денесінің қиғаш ұзындығы 169,7±1,3 см, кеуде орамы 228,7±1,7 см, жіліншік орамы 24,1 см, анасының жылдық сауыны 3553,8±46,2 кг.

Маңғыстау зауыттық типі аналықтарының орташа тірі салмақтары 543,9±16,2 кг, жүн түсімі 3,6±0,2 кг, жүннің таза шығымы 91,9±1,1%, шоқтығының биіктігі 186,6±1,9 см, денесінің қиғаш ұзындығы 159,6±1,3 см, кеуде орамы 217,0±3,2 см, жіліншік орамы 19,5±0,2 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 13,8±0,4 кг, сүтінің майлылығы 3,56±0,09% (16 кесте).

№1 «Ұзынқас» аналық желісі. Желінің негізін салушы «Ұзынқас аруана» 1985 жылы туылған, «Қашаған үлектің» ұрғашы ботасы, тірі салмағы 550 кг, жүн түсімі 3,5 кг, жүннің таза шығымы 90 %, дене өлшемдері 188-153-208-19,0 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 17 кг, сүтінің майлылығы 3,3%, түсі қоңыр.

№1 «Ұзынқас» және «Жаңатаң - үлек 1» желісінің аналықтары орташа тірі салмақтары 555,8 кг, жүн түсімі 3,7 кг, жүннің таза шығымы 91,5%, дене өлшемдері 189,5-155,4-215,4-19,2 см, үш, төрт айлығындағы күндік орташа сүті 14,2 кг, майлылығы 3,5%, түсі біркелкі қоңыр болып келеді.

№2 «Жалғыз» аналық желісі. Желінің негізін салушы «Жалғыз аруана» 1985 жылы туылған, «Жарық үлектің» ұрғашы ботасы, тірі салмағы 590 кг, жүн түсімі 3,5 кг, жүннің таза шығымы 90%, дене өлшемдері 182-160-215-19,5 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 15 кг, сүтінің майлылығы 3,3%, құм түстес.

Аналықтарының орташа тірі салмағы 597,4 кг, жүн түсімі 3,8 кг, жүннің таза шығымы 91,5%, дене өлшемдері 184,7-163,2-219,1-19,6 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 14,1 кг, сүтінің майлылығы 3,5%, біркелкі құм түстес.

№3 «Құмкент» аналық желісі. Желінің негізін салушы «Құмкент аруана» 1990 жылы туылған, «Атырау үлектің» ұрғашы ботасы, тірі салмағы 555 кг, жүн түсімі 3,5 кг, жүннің таза шығымы 90%, дене өлшемдері 185-161-215-19,5 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 13,5 кг, сүтінің майлылығы 3,3%, құм түстес.

Желі аналықтарының орташа тірі салмағы 565,4 кг, жүн түсімі 3,8 кг, жүннің таза шығымы 91,3%, дене өлшемдері 188,3-163,7 -219,4-19,9 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 13,8 кг, сүтінің майлылығы 3,4%, біркелкі құм түстес.

№4 «Қызыл» аналық желісі. Желінің негізін салушы «Қызыл аруана» 1990 жылы туылған, «Заря үлек 83-тің» ұрғашы ботасы, тірі салмағы 543 кг, жүн

түсімі 3,5 кг, жүннің таза шығымы 90%, дене өлшемдері 185-161-208-19,5 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 15,5 кг, сүтінің майлылығы 3,3%, түсі қоңыр.

№4 «Қызыл» желісі аналықтарының орташа тірі салмағы 554,2 кг, жүн түсімі 3,7 кг, жүннің таза шығымы 91,4%, дене өлшемдері 188,1-162,6 -214,9-20,1 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 15,2 кг, сүтінің майлылығы 3,4%, түстері біркелкі қоңыр.


№5 «Қараша» аналық желісі. Желінің негізін салушы «Қараша аруана» 1986 жылы туылған, «Текелі үлек 1-дің» ұрғашы ботасы, тірі салмағы 515 кг, жүн түсімі 3,1 кг, жүннің таза шығымы 90%, дене өлшемдері 183-156-212-19,0 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 13,2 кг, сүтінің майлылығы 3,5%, түстері қоңыр.


«Қараша» желісі аналықтарының орташа тірі салмағы 523,8 кг, жүн түсімі 3,5 кг, жүннің таза шығымы 92,2%, дене өлшемдері 185,7-158,4 -216,1-19,4 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 12,5 кг, сүтінің майлылығы 3,7%, түстері қоңыр.

№6 «Қарлығаш» аналық желісі. Желінің негізін салушы «Қарлығаш аруана» 1987 жылы туылған, «Текелі үлек 1-дің» ұрғашы ботасы, тірі салмағы 517 кг, жүн түсімі 3,3 кг, жүннің таза шығымы 91%, дене өлшемдері 184-156-215-19,0 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 13,5 кг, сүтінің майлылығы 3,5%, түстері қоңыр.

«Қарлығаш» желісі аналықтарының орташа тірі салмағы 513,6 кг, жүн түсімі 3,6 кг, жүннің таза шығымы 91,8%, дене өлшемдері 186,1-157,2 -217,6-19,2 см, үшінші және төртінші айлығындағы күндік орташа сауыны 12,8кг, сүтінің майлылығы 3,8%, түстері біркелкі қоңыр.

3. Генетикалық қордағы түйе малын асылдандырудың шарттары.





Фермерлерге ұсыныс

1. Бүгінгі таңда елімізде бар түйе тұқымының генетикалық қорын пайдалану арқылы өнімділікті арттыру.
2. Етті-Жүнді бағытындағы генетикалық қорындағы түйелердің тұқымын пайдалану сүт саууға қолайсыз жерлерде өсетін түйе шаруашылығына осы бағыттағы түйелерді өсіру тиімді.
3. Сүтті –жүнді,етті-сүтті,етті-жүнді бағыттағы түйелердің физиологиялық жағынан толық жетілген аталық пен аналықтың жүн түсімі аталықтарда 6 жаста, аналықтарда 5 жаста өзінің сүттілігі мен жүндестігін көрсетеді.
4. Түрікмен дромедарларын аталық үлектерімен шағылыстыру арқылы сүт өнімділігін арттыру, сондай-ақ қазақтың айыр өркешті түйе тұқымдарының ішінде сүтті-жүнді, етті-жүнді болып, екі бағытқа жіктелген аталық желілердің бірнеше желісі еліміздің Оңтүстік-Батыс аймағында шаруаларда өсіріліп келеді. Осы қолда бар өнімділік бағытына қарай генетикалық қорлардың аталықтарымен аналықтарыны селекциялық-асылдандыруда зоотехникалық нормативке сәйкес шағылыстырып отыруымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиетке шолу:

Тазақанды түйелердің селекциясы мен бонитировкасы
А.БАЙМҰҚАНОВ, Д.А. БАЙМҰҚАНОВ, И.АХМЕТ
Жарық көрген 05.01.2014жыл

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның Басқарма төрағасы



Handwritten signature

С.Ә.Қаныбеков

Эксперт

А.С. Тенлибаева